

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 6 ақпандағы N 143 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

"Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының Заңы

Осы Заң мемлекеттің қорғанысы мен әскери қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты негіз қалаушы принциптер мен нормаларды белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) жауынгерлік әзірлік - белгіленген мерзімде жауынгерлік қимылдарды бастау қабілеттілігін қамтамасыз ететін Қарулы Күштердің және басқа да әскери құралымдардың ж а й - к ү й і ;

2) жауынгерлік қимылдар - тиісті әскери басқару органдарының немесе Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің ұлттық әскери контингенттері жедел басқаруына берілген көп ұлтты (коалициялық) қарулы күштердің әскери басқару органдарының, шет мемлекеттер қарулы күштерінің басқаруымен жауынгерлік тапсырмаларды орындау кезіндегі әскери бөлімдердің, құрамалы мен бөлімшелердің ұйымдасқан і с - қ и м ы л д а р ы ;

3) жауынгерлік тапсырма - белгіленген мерзімде ұрыста (операцияда) айқындалған мақсатқа қол жеткізу үшін жоғары тұрған командир (бастық) қоятын тапсырма;

4) Қарулы Күштер түрі - белгіленген салада (құрлықта, теңізде, әуе кеңістігінде) соғыс қимылдарын жүргізуге арналған мемлекеттің Қарулы Күштерінің бөлігі;

5) соғыс қимылдары - агрессияға тойтарыс беру кезінде қойылған жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін Қарулы Күштердің бүкіл түрлерін қолданумен

арсеналдарында, базалары мен қоймаларында болатын әскери мүліктің нақты саны;

19) пайдаланылмайтын әскери мүлік - қару-жарақтан алынған, тікелей арнаулы бойынша пайдалануға жарамсыз, есептен шығарылған, запастарда кепілді сақтау мерзімі өткен, басы артық және Қарулы Күштерде және басқа да әскери құралымдарда қолданыс таппаған әскери мүлік;

20) жабдықтау нормалары - әскери қызметшілерге, бөлімшелерге, әскери бөлімдерге (кемелерге) және құрамаларға бейбіт немесе соғыс уақытында беруге белгіленген материалдық құралдардың саны;

21) қорғаныс - қарулы қорғанысқа дайындық және Қазақстан Республикасының егемендігін, аумақтық тұтастығын және оның шекараларына қол сұғылмауын қарулы қорғау жөніндегі саяси, әскери, экономикалық, әлеуметтік-құқықтық және өзге де мемлекеттік шаралар жүйесі;

22) қорғаныс объектілері - Қарулы Күштердің және басқа да әскери құралымдардың мемлекеттік мекемелеріне жедел басқару құқығында бекітіліп берілген жылжымайтын мүлік;

23) аумақты жедел жабдықтау - қорғаныс мақсатындағы міндеттерді жедел шешу үшін пайдалануға көлік ғимараттарын, жол желілерін, қойма шаруашылығын, байланысты, су-жылу және энергиямен жабдықтауды дайындауға және ұдайы әзірлікте ұстауға бағытталған іс-шаралар кешені;

24) әскери басқару органдары - стратегиялық жедел-стратегиялық жедел-аумақтық жедел-тактикалық, тактикалық және жергілікті әскери басқару органдары;

25) әскер тегі - тек қана оларға тән негізгі қару-жарағы мен әскери техникасы, сондай-ақ оларды жауынгерлік қолдану тәсілдері бар әскери құрылымдарды қоса есептегенде дербес немесе түрлердің құрамына кіретін Қарулы Күштердің құрама бөлігі;

26) арнайы әскерлер - Қарулы Күштердің жауынгерлік (инженерлік және химиялық қамтамасыз ету) қызметін қамтамасыз ету жөніндегі арнайы тапсырмаларды орындауға арналған әскери бөлімдер мен бөлімшелер;

27) арнайы құралымдар - темір жолдар мен автомобиль жолдарын теңіз және өзен порттарын, әуежайларды, байланыс желілерін, газ және мұнай өнімдерін, энергиямен және сумен жабдықтауды қалпына келтіру жөніндегі жұмыстарды орындау үшін, өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының, көлік пен байланыстың үздіксіз жұмысын ұйымдастыру үшін және медициналық көмек көрсету үшін соғыс уақытында құрылатын құралым;

28) соғыс кезі - Парламенттің Қазақстан Республикасына басқа мемлекет немесе мемлекеттер тобы қарулы шабуыл жасаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделген жағдайда жариялайтын кезі;

29) аумақтық қорғаныс - дұшпанның іс-қимылынан, диверсиялық немесе террорлық актілерден Қазақстан Республикасының халқын, объектілерін және коммуникациясын

қорғау, сондай-ақ төтенше режим мен соғыс жағдайын енгізу және қолдау мақсатында
Үкімет жүзеге асыратын іс-шаралардың бәрі;

30) техникалық қамтамасыз ету - Қарулы Күштерді және басқа да әскери құралымдарды қару-жарақпен және әскери техникамен қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын іс-шаралар кешені;

31) тыл - Қарулы Күштерді және басқа да әскери құралымдарды тылдық және техникалық қамтамасыз етуді жүзеге асыратын әскери бөлімдер;

32) тылдық қамтамасыз ету - олардың жауынгерлік әзірлігін сақтау мақсатында Қарулы Күштердің және басқа да әскери құралымдардың материалдық, көліктік, тұрмыстық және басқа да қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған іс-шаралар кешені ;

33) пайдаға асыру - қару-жарақты, әскери техниканы, арнайы құралдарды, олардың жауынгерлік қасиеттерін пайдалануды немесе оларды тікелей арналуы бойынша пайдалануды болғызбайтын жағдайға келтіру.

2-бап. Қорғаныстың құқықтық негіздері

Қорғаныс Қазақстан Республикасының Конституциясына, осы Заңға, Қазақстан Республикасы бекіткен өзге де нормативтік құқықтық актілер мен халықаралық шарттарға сәйкес ұйымдастырылады және жүзеге асырылады.

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартпен осы Заңда болған өзге де ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережесі қолданылады.

3-бап. Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі принциптері

Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз етуде Қазақстан Республикасы мынадай негізгі принциптерге сүйенеді :

- 1) басқа мемлекеттердің егемендігін, мемлекеттік шекарасының беріктігін, аумақтық тұтастығын құрметтеу және олардың ішкі істеріне қол сұқпау;
- 2) әскери саладағы сенімділік пен ашық іс-шараларды нығайту;
- 3) халықаралық дауларды бейбіт жолмен реттеу;
- 4) халықаралық міндеттемелерді сақтау және Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын шарттардың мақсаттарына қол жеткізуге жәрдемдесу;
- 5) өзара тиімді ынтымақтастық және өзара түсіністік негізінде басқа елдермен достық қарым-қатынасты қолдау ;
- 6) Қарулы Күштерді және басқа да әскери құралымдарды халықаралық құқыққа және заңнамаға сәйкес қолдану.

4-бап. Қорғанысты ұйымдастыру

1. Қорғанысты ұйымдастыру мыналарды қамтиды:

- 1) соғыс қаупі мен соғыс қатерін болжау мен бағалау;
- 2) Қазақстан Республикасының әскери саясаты мен Әскери доктринасы ережесінің негізгі бағыттарын әзірлеу ;

3) қорғаныс саласындағы құқықтық реттеу;

4) Қарулы Күштерді және басқа да әскери құралымдарды, олардың қажетті санын құрылысын және даярлығын анықтау, олардың жауынгерлік және жұмылдыру әзірлігінің талап етілетін деңгейін сақтау;

5) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін және басқа да әскери құралымдарын басқару жүйесін дамыту, сондай-ақ радиожиілік спектрін пайдалануды жоспарлау;

6) Қарулы Күштердің және басқа да әскери құралымдардың әскери-техникалық саясаттың, қару-жарақ пен әскери техниканы дамыту бағдарламасын әзірлеу және іске асыру;

7) елдің мемлекеттік органдарының, меншік нысанына қарамастан ұйымдарының, көлігінің, коммуникациясы мен халқының күні бұрын жұмылдыру даярлығын қамтитын бейбіт уақытта жүргізілетін жалпы мемлекеттік іс-шаралар кешені, сондай-ақ қорғаныс мақсатында аумақты жедел жабдықтау;

8) мемлекеттік материалдық резервтердің қорларын құру;

9) азаматтарды әскери қызметке даярлау, соғыс уақытында жұмылдырылатын адам ресурстарын жинақтау;

10) азаматтық және аумақтық қорғаныс іс-шараларын жоспарлау және жүзеге асыру;

11) қорғаныс саласында мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қорғауды қамтамасыз ету;

12) қорғаныс мүддесінде ғылымды дамыту;

13) мемлекеттік органдардың қорғаныс саласындағы қызметін үйлестіру;

14) Қарулы Күштердің және басқа да әскери құралымдардың қызметін бақылау;

16) ұжымдық қауіпсіздік және бірлескен қорғаныс мақсатындағы халықаралық ынтымақтастық;

17) қорғаныс саласындағы басқа да іс-шаралар.

2. Қорғаныс мақсатында Қазақстан Республикасы азаматтарының әскери міндеттілігі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңында көзделген міндеттердің өзге де түрлері белгіленеді.

3. Қорғаныс саласындағы міндеттерді орындау үшін Қарулы Күштер құрылады және басқа да әскери құралымдар, сондай-ақ соғыс уақытына құрылатын арнайы құралымдар тартылады.

4. Қарулы Күштер және басқа да әскери құралымдар Әскери доктринаға және Қарулы Күштерді Қолдану жоспарына сәйкес қорғаныс саласындағы міндеттерді орындайды.

5. Жерлер, ормандар, сулар мен басқа да табиғи ресурстары заңнамаға сәйкес қорғаныс мұқтажы үшін беріледі.

6. Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемелеріне бекітіліп берілген мүлік республикалық меншік болып табылады.

2-тарау. Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің қорғаныс саласындағы өкілеттіктері

5-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің қорғаныс саласындағы өкілеттігі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Президенті:

- 1) Қазақстан Республикасы әскери саясатының негізгі бағыттарын айқындайды;
- 2) Қазақстан Республикасының Әскери доктринасын, Қарулы Күштердің құрылысы мен дамуының стратегиялық жоспарын, қорғаныс мәселелері жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды бекітеді;
- 3) Қарулы Күштерді қолдану жоспарын, сондай-ақ мемлекеттің жұмылдыру жоспарын бекітеді;
- 4) Қарулы Күштерге және басқа да әскери құралымдарға жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады;
- 5) Қарулы Күштердің құрылымын, штат санының лимитін, сондай-ақ әскери қызметшілер мен мемлекеттік қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесін бекітеді;
- 6) осы Заңның 17-бабының 2-тармағында көзделген тапсырмаларды орындау үшін Қарулы Күштерді тарту туралы шешім қабылдайды;
- 7) жоғары офицерлік құрамның адамдары атқаруға тиіс лауазымдар тізбесін бекітеді, жоғары әскери атақтар береді;
- 8) Қарулы Күштердің жоғарғы басшылық құрамын лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;
- 9) әскери ант мәтінін, жалпыәскери жарғыларды, әскери қызмет өткеру ережесін, әскери нышандарды, Қарулы Күштердің және басқа да әскери құралымдардың әскери киім нысаны мен айырым белгілерін бекітеді;
- 10) қорғаныс және әскери ынтымақтастық саласындағы келіссөздерді жүргізеді және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қол қояды;
- 11) Қазақстан Республикасының әскери міндетті азаматтарын әскери қызметке оқу-жаттығу және жұмылдыру бойынша өзге де әскери жиындарға шақыру және оларды запасқа шығару (тарату) туралы шешімдер қабылдайды;
- 12) бейбітшілікті қолдау және қауіпсіздік жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындау үшін Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін пайдалану туралы ұсыныстарды Парламент палаталарының бірлескен отырысының қарауына енгізеді;
- 13) Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген жағдайларда

Қазақстан Республикасының күллі аумағында және оның жекелеген жерлерінде төтенше немесе соғыс жағдайын енгізеді, жартылай және жалпы жұмылдыру ж а р и я л а й д ы ;

14) өзіне Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен жүктелген қорғаныс саласындағы өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

6-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің қорғаныс саласындағы өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) әскери саясаттың негізгі бағыттарын әзірлейді, қорғаныс қабілетін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдайды;

2) қорғанысты қамтамасыз ету мәселелері бойынша атқарушы органдардың қызметіне басшылық жасайды;

3) Қарулы Күштерді және басқа да әскери құралымдарды қару-жарақпен және әскери техникамен жарақтандыруды ұйымдастырады;

4) Қарулы Күштерді және басқа да әскери құралымдарды материалдық, энергетикалық және басқа да ресурстармен және қызмет көрсетулермен қамтамасыз етуді ұйымдастырады;

5) жабдықтау нормаларын және материалдық қорлардың санаттарын бекітеді;

6) қорғаныс саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың әзірленуін және орындалуын ұйымдастырады;

7) мемлекеттің жұмылдыру жоспарының әзірленуін және орындалуын ұйымдастырады, сондай-ақ мемлекеттік материалдық резервтердің материалдық құндылықтарын қалыптастыру, шоғырландыру және пайдалану тәртібін белгілейді;

8) Қарулы Күштердің және басқа да әскери құралымдардың мұқтажы үшін мемлекеттік қорғаныс тапсырыстарын құру, орналастыру және орындау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті органды айқындайды;

9) мемлекеттік қорғаныс тапсырыстарын құру, орналастыру және орындау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі уәкілетті органның ұсынысы бойынша жыл сайынғы мемлекеттік қорғаныс тапсырысын бекітеді;

10) мемлекеттік органдардың, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың жұмылдыру даярлығына басшылық жасауды жүзеге асырады;

11) қорғаныс мақсатында Қазақстан Республикасының аумағын жедел жабдықтау жөніндегі іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді;

12) қорғаныс өнеркәсібін, сондай-ақ ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешімдер қабылдайды;

13) мемлекеттік әскери білім беру мекемелерін, жоғары оқу орындары жанындағы әскери кафедраларды құру, қайта ұйымдастыру және тарату туралы шешім қабылдайды ;

- 14) Жоғары оқу орындарындағы әскери даярлық туралы ережені бекітеді;
- 15) қорғаныс саласындағы нормативтік құқықтық актілерді қабылдайды;
- 16) әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтардың санаты мен санын, сондай-ақ әскери жиындарға шақырылуға жататын әскери оқытылған мамандардың жыл сайынғы санын анықтайды;
- 17) әскери оқытылған резервті құруға және даярлауға жалпы басшылық жасауды жүзеге асырады, Қарулы Күштерді және басқа да әскери оралымдарды жасақтауға мемлекеттік тапсырысты бекітеді;
- 18) азаматтық және аумақтық қорғанысты жоспарлауды және басшылық жасауды жүзеге асырады;
- 19) қорғаныс мұқтажы үшін жерлерді, ормандарды, суларды және басқа да табиғи ресурстарды ұсыну және пайдалану тәртібін айқындайды;
- 20) пайдаланылмайтын әскери мүлікті беру, сату және пайдаға асыру, сондай-ақ қорғаныс объектілерін мүліктік жалдау (жалға беру) тәртібін белгілейді;
- 21) әскери ынтымақтастық және үкіметаралық келісімдерге қол қою мәселелері бойынша халықаралық келіссөздер жүргізу туралы шешімдер қабылдайды;
- 22) қорғаныс мұқтажы үшін олардың мүлкін пайдалануға байланысты Қазақстан Республикасының заңды және жеке тұлғалары шеккен шығыстарды өтеу тәртібін белгілейді;
- 23) әскери мүлікті есепке алу және есептен шығару тәртібін белгілейді;
- 24) мемлекеттік қызметкерлер болып табылмайтын Қарулы Күштердің және басқа да әскери құралымдардың мемлекеттік мекемелері қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесін және жағдайын айқындайды.

3-тарау. Орталық және жергілікті мемлекеттік атқарушы органдардың қорғаныс саласындағы функциялары, азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен міндеттері

7-бап. Орталық мемлекеттік атқарушы органдардың қорғаныс саласындағы функциялары

Орталық мемлекеттік атқарушы органдар өз құзыреті шегінде мыналарды:

- 1) саланың жұмылдырушылық әзірлігіне, жұмылдыруға арналған объектілерді, қорғаныс мұқтажы үшін қажетті өнімдерді әзірлеу, өндіру, шығару мен жөндеу жөніндегі қуаттарды жасауға, дамытуға және сақтауға қатысады және жұмылдырылатын резервтердің жинақталуын қамтамасыз етеді;
- 3) соғыс уақытында саланың тұрақты жұмыс істеуі жөніндегі шараларды жүзеге асырады, оны соғыс уақытындағы жұмыс режиміне көшіру жоспарларын әзірлейді;
- 4) ел аумағын жедел жабдықтау жөніндегі шаралардың орындалуын

ұйымдастырады ;

5) азаматтық қорғаныс шараларын ұйымдастырып, жүргізеді және оларды ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың орындауын қамтамасыз етеді;

6) республика халқы мен аумағын қорғанысқа дайындауға қатысады, қорғаныс мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына бақылау жас ауды жүзеге асырады ;

7) оларға Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен жүктелген қорғаныс саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асырады.

8-бап. Жергілікті атқарушы органдардың қорғаныс саласындағы функциялары

1. Жергілікті атқарушы органдар өз құзыреті шегінде:

1) аумақты жедел жабдықтау шараларын орындауға қатысады және қорғаныс мақсатында коммуникацияларды дайындауды қамтамасыз етеді;

2) қорғаныс мақсатында көлік және басқа да техникалық құралдардың есебін жүргізеді және жұмылдыру әзірлігін қамтамасыз етеді;

3) халықты және аумақты қорғанысқа дайындауға қатысады, қорғаныс саласында Қарулы Күштердің және басқа да әскери құралымдардың материалдық, энергетикалық және басқа да ресурстарға және қызмет көрсетулерге олардың тапсырысы бойынша қажеттілігін заңнамада белгіленген тәртіппен қамтамасыз етеді;

4) әскери есепті және азаматтардың әскери қызметке даярлығын, олардың әскери қызметке әскери, жиындарға шақырылуы мен жұмылдыру бойынша шақырылуын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

5) жергілікті әскери басқару органдарында жұмылдыру кезеңіне және соғыс уақытында әскери міндеттілерді броньдауды жүзеге асырады;

6) азаматтық және аумақтық қорғаныс жөніндегі шараларды жоспарлауға қатысады және орындалуын қамтамасыз етеді;

7) қорғаныс саласындағы өз қызметін әскери басқару органдарымен үйлестіреді және келіседі ;

8) оларға Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен жүктелген қорғаныс саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асырады.

9-бап. Қазақстан Республикасы азаматтарының қорғаныс саласындағы құқықтары мен міндеттері

1. Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес :

1) келісім-шарт негізінде әскери қызметке ерікті түрде қабылдануға;

2) қорғанысты нығайтуға жәрдемдесетін кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдар құруға құқылы .

2. Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес :

- 1) әскери міндеттілікті орындауға;
- 2) азаматтық және аумақтық қорғаныс жөніндегі шараларға қатысуға;
- 3) жұмылдыру кезеңінде, сондай-ақ соғыс уақытында қорғаныс мұқтажы үшін өз меншігіндегі үй-жайларды, ғимараттарды, көлік құралдары мен басқа да мүлікті Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен шеккен шығыстарды кейіннен өтей отырып беруге міндетті.

10-бап. Меншік нысанына қарамастан ұйымдардың қорғаныс саласындағы функциялары

Меншік нысанына қарамастан ұйымдар заңнамаға сәйкес:

- 1) азаматтық және аумақтық қорғаныс жөніндегі шараларды орындауға қатысады;
- 2) мемлекеттің жұмылдыру жоспарымен көзделген шараларды жүзеге асырады;
- 3) мемлекеттік қорғаныс тапсырысы тапсырмаларын басым тәртіппен орындайды;
- 4) өздерінің меншігіне жататын үйлерді, ғимараттарды, көлік құралдарын және басқа да мүлікті заңнамаға сәйкес қорғаныс мұқтажы үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен тәртіппен шеккен шығыстарға кейіннен өтемақы төлей отырып ұсынады;
- 5) өз қызметкерлеріне олардың әскери міндеттерін орындау үшін қажетті жағдайлар жасайды.

4-тарау. Қорғанысты экономикалық жағынан қамтамасыз ету

11-бап. Қорғанысты экономикалық жағынан қамтамасыз етудің мақсаты мен міндеттері

1. Қорғанысты экономикалық жағынан қамтамасыз етудің мақсаты Қарулы Күштерге, басқа да әскери құралымдарға қаржы, материалдық-техникалық және басқа да ресурстарды бөлуден, оларды қару-жарақпен, әскери және арнайы техникамен Қазақстан Республикасының әскери қауіпсіздігі мен қорғанысын кепілді қамтамасыз ету үшін қажетті санында жарақтандырудан тұрады.

2. Қорғанысты экономикалық жағынан қамтамасыз етудің негізгі міндеттері:

- 1) Қарулы Күштердің және басқа да әскери құралымдардың қаржы, материалдық-техникалық және өзге де ресурстарға қажеттіліктерін қанағаттандыру;
- 2) қару-жарақ пен әскери техниканы өндіруді, жөндеуді және жаңғыртуды жүзеге асыру үшін ғылыми-техникалық және өндірістік базаны жетілдіру;
- 3) экономиканың жұмылдыру әзірлігі мен ел халқын жұмылдыра дайындаудың тиімді жүйелерін құру;
- 4) әлеуметтік қамсыздандыру деңгейін жақсарту, әскери қызметшілердің, олардың отбасы мүшелерінің және әскери қызметтен босатылған адамдардың заңнамамен

белгіленген кепілдіктерін іске асыру;

5) өзара тиімді халықаралық әскери және әскери-техникалық ынтымақтастықты жүзеге асыру.

12-бап. Қорғанысты қаржыландыру

1. Қорғанысты қаржыландыру Қарулы Күштердің және басқа да әскери құралымдардың қаржы қаражаты мен материалдық техникалық ресурстарға қажеттілігін кепілді қанағаттандыруға бағытталған.

2. Қарулы Күштерді және басқа да әскери құралымдарды, сондай-ақ қорғанысқа арналған шығыстарды қаржыландыру мемлекеттік бюджет және осы бапта көзделген басқа да көздер есебінен жүзеге асырылады.

3. Шетел мемлекеттерімен бірлесіп пайдаланылатын, Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан әскери объектілерді және қару-жарақты қысқартуды бақылау және инспекциялық қызметті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес жүргізіледі.

4. Қарулы Күштердің мемлекеттік мекемелері:

1) спорт саласында мамандандырылғандар Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен ақылы қызметтер көрсетуге және оларды іске асырудан түскен ақшалай қаражатты пайдалануға құқылы;

2) ұсынылған демеушілік, қайырымдылық, сондай-ақ әскери-техникалық ынтымақтастық аясында көрсетілетін көмектерді алуға және пайдалануға құқылы.

5. Қорғаныс шығыстары бөлігіндегі мемлекеттік бюджеттің орындалуын бақылау заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

13-бап. Материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету

1. Қарулы Күштерді және басқа да әскери құралымдарды материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету қару-жарақпен әскери техниканы қоса алғанда, өндірістік-техникалық мақсаттағы өнімдерді әзірлеуге, өндіруге, жеткізуге және қамтамасыз етуге арналған мемлекеттік қорғаныс тапсырыстарына және мемлекетаралық келісімдерге сәйкес басым тәртіппен жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қорғаныс тапсырысын қалыптастыру тәртібі, оны материалдық-техникалық жағынан және қаржымен қамтамасыз ету және сатып алу шарттары Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен айқындалады.

14-бап. Объекттер мен мүліктерді қорғаныс мүддесінде пайдалану

1. Пайдаланылмайтын әскери мүліктерді қоспағанда мемлекеттік меншік болып табылатын және экономика салаларының ұйымдарына жедел басқару, шаруашылық жүргізу құқығында бекітіліп берілген және қорғаныс мұқтажын қамтамасыз ету мен жұмылдыру тапсырмаларын орындауға арналған объектілер мен мүліктер жекешелендіруге жатпайды.

2. Бейбіт уақытта Қарулы Күштер және басқа да әскери құралымдар пайдаланбайтын қорғаныс объектілері мемлекеттік бюджет есебінен сақтауға қоюға жатады немесе заңнамада белгіленген тәртіппен мүліктік жалға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары негізінде басқа мемлекеттердің ұйымдарына берілуі мүмкін.

3. Пайдаланылмайтын қорғаныс объектілері Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен сатылуы ықтимал.

4. Қарулы Күштер Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен:

1) соғыс қимылдарын жүргізу кезеңінде жарамсыз жағдайға жеткен немесе Қарулы Күштер жеке құрамының өміріне қатер төнген кезде жоғалған әскери мүлікті есептен шығарады;

2) өздерінің жедел басқаруындағы мемлекеттік мүліктің есебін жүргізеді.

15-бап. Қорғаныс мұқтажы үшін үйлер, ғимараттар, объектілер мен басқа да мүліктер беру

1. Қарулы Күштерді және басқа да әскери құралымдарды орналастыру және олардың тұрақты қызметі үшін берілген жер телімдері олардың иелігінде және пайдалануында болады.

2. Қорғаныс мұқтажына жерді алып қоюға байланысты жер иеленушілер мен жерді пайдаланушыларға келтірілген зиян заңнамаға сәйкес өтеледі.

3. Қорғаныс мұқтажы үшін Қарулы Күштерге, басқа да әскери құралымдарға үйлер, ғимараттар, әр түрлі объектілер мен басқа да мүлік беріледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен олар кері қайтарылуы мүмкін.

4. Жерлерді, жылжымалы және жылжымайтын мүлікті иелікке беру және пайдалану тәртібі, соның ішінде басқа мемлекеттердің әскери құралымдарына жалға беру тәртібі Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттармен айқындалады.

16-бап. Ғылыми-зерттеу қызметі және кадрлар даярлау

1. Қазақстан Республикасының ғылыми-зерттеу ұйымдарымен қорғаныс қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында қару-жарақ пен әскери техниканың, әскери мақсаттағы өнімдердің жаңа түрлерін жасау үшін іргелі және қолданбалы зерттеулер, перспективалық ғылыми-техникалық және технологиялық әзірлемелер жүзеге асырылады.

2. Әр түрлі меншік нысанындағы ұйымдардың қорғаныс сипатындағы ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды орындауда экономикалық мүдделілігін арттыру үшін қаржы-экономикалық реттеушілер мен механизмдер жүйелерін енгізу жолымен оларды мемлекеттік қолдау жүзеге асырылады.

3. Әскери кадрларды даярлау және қайта даярлау Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін мемлекеттік білім тапсырысы бойынша білім беру ұйымдарында, сондай-ақ шетелдерде халықаралық шарттар негізінде жүзеге асырылады.

5-тарау. Қарулы Күштер және басқа да әскери құралымдар

17-бап. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері және олардың мақсаты

1. Қарулы Күштер агрессияға тойтарыс беруге, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығы мен егемендігін қарулы қорғауға, мемлекеттік және әскери объектілерді күзету мен қорғауға, әуе шекараларын күзетуге, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес міндеттерді орындауға арналған

2. Қарулы Күштер Қазақстан Республикасы Президентінің шешімі негізінде табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарларын жоюға, сондай-ақ террорға қарсы операцияларды өткізу және төтенше жағдайлар режимін қолдау үшін т а р т ы л у ы м ү м к і н .

3. Қазақстан Республикасының халықаралық міндеттемелерінен туындайтын міндеттерді орындау үшін Қарулы Күштерді қолдану Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда ескертілген жағдайларда және тәртіппен жүзеге асырылады.

4. Қарулы Күштердің қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде және заңнамаға сәйкес жүзеге асырылады.

5. Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері құрамының бөлігі Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес бірлескен қарулы күштерге енуі немесе бірлескен қолбасшылықта болуы мүмкін.

18-бап. Қарулы Күштердің жалпы құрамы

Қарулы Күштер мыналарды қамтиды: әскери басқару органдары, Қарулы Күштердің түрлері, әскер тектері, арнайы әскерлер, тыл, әскери оқу орындары, әскери-ғылыми мекемелер мен басқа да ұйымдар.

Соғыс уақытында Қарулы Күштердің құрамына басқа да әскери құралымдар мен арнайы әскерлер кіреді.

19-бап. Қарулы Күштерді жасақтау

1. Қарулы Күштердің жеке құрамына әскери қызметшілер мен азаматтық қызметкер а д а м д а р к і р е д і .

2 . Қ а р у л ы К ү ш т е р :

1) әскери қызметшілермен - аумақтан тысқарылық және аумақтық принцип бойынша әскери міндетті азаматтарды әскери қызметке шақыру жолымен және заңнама актілеріне сәйкес әскери қызметке ерікті түрде қабылдау жолымен;

2) еңбек және мемлекеттік қызмет туралы заңнамаларға сәйкес азаматтық қызметкерлермен ж а с а қ т а л а д ы .

3. Қарулы Күштерді жұмылдыра өрістету үшін мемлекетте әскери оқытылған ресурстар қоры құрылады.

20-бап. Қарулы Күштерге басшылық жасау және басқару

1. Қарулы Күштерге әскери-саяси басшылықты Қазақстан Республикасының Президенті - Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы жүзеге асырады.

2. Бейбіт уақытта Қарулы Күштерді басқаруды Штабтар бастықтарының комитеті арқылы Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі жүзеге асырады.

3. Соғыс кезінде Жоғарғы Бас Қолбасшылық (Жоғарғы Бас Қолбасшылықтың Ставкасы) Қарулы Күштерге басшылық жасайтын жоғарғы әскери-саяси орган болып табылады.

4. Жоғарғы Бас Қолбасшылықтың Ставкасы Штабтар бастықтарының комитеті арқылы Қарулы Күштерді басқаруды жүзеге асырады.

21-бап. Қорғаныс министрлігінің функциялары

1. Қорғаныс министрлігі Қарулы Күштерді әскери-саяси және әскери-экономикалық басқару органы болып табылады.

2. Қорғаныс министрлігі:

1) қорғаныс саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асырады;

2) Әскери доктринаны, Қарулы Күштердің және басқа да әскери құралымдардың құрылысы мен дамуы тұжырымдамаларын әзірлейді;

3) Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі бекіткен Қарулы Күштердің, Қорғаныс министрлігінің және Министрлікке ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердің штат санының лимиті шегінде Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектерінің құрылымын, штат санын, сондай-ақ Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер бойынша штат санын белгілейді;

4) мемлекетте бірыңғай әскери-техникалық саясатты жүргізеді;

5) елдің қауіпсіздігі мен қорғанысын қамтамасыз ету мақсатында барлау қызметін ұйымдастырады;

6) Қарулы Күштер түрлерінің, әскер тектері мен арнайы әскерлердің жедел мақсаттары мен міндеттерін, оларды басқа да әскери оралымдарымен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің қарулы күштерімен өзара іс-қимыл жасай отырып, қолдануды айқындайды;

7) қорғаныс саласында ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық және басқа жұмыстарға басшылықты жүзеге асырады, олардың сапасын бақылауды ұйымдастырады;

8) әскерлерді инспекциялауды және Қарулы Күштерде қаржы қаражатының жұмсалуына бақылауды жүзеге асырады;

9) әскери даярлықты жүзеге асыратын әскери оқу орындары мен басқа да білім беру мекемелерінің қызметі мен оқу-тәрбие жұмысының сапасын бақылауды жүзеге асырады;

10) әскерге шақырылуға дейінгі және шақыру жасындағы жастардың әскери

қызметке даярлығын үйлестіреді;

11) қорғаныс өнеркәсібі дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеу мен орындауға қатысады;

12) халықаралық әскери ынтымақтастықты жүзеге асырады;

13) Қарулы Күштерде заңдылық пен құқық тәртібінің сақталуына бақылауды жүзеге асырады және әскери қызметшілерге, олардың отбасы мүшелері мен азаматтық қызметкерлерге әлеуметтік және құқықтық кепілдіктерді қамтамасыз етеді;

14) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген реттерде қорғаныс мәселелері жөнінде нормативтік құқықтық актілер шығарады және олардың орындалуын бақылайды.

22-бап. Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтары комитетінің функциялары

1. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі Штабтар бастықтарының комитеті Қарулы Күштердің жауынгерлік және күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады:

1) Қарулы Күштердің жедел-стратегиялық жоспарлануын, қолданылуын және жауынгерлік және күнделікті қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

2) Қарулы Күштердің құрылысы мен дамуы және әскерлерді жұмылдыра өрістету жоспарларын әзірлейді, басқа да әскери құралымдардың құрылысының дамуының жоспарларын әзірлеуді үйлестіреді, олардың орындалуына бақылау жасайды;

3) мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерін Қолдану жоспарын әзірлейді, Қарулы Күштердің жұмылдыру жоспарын әзірлеуге қатысады;

4) Қарулы Күштерді жауынгерлік және жұмылдырушылық дайындықта, жедел жұмылдырушылық және жауынгерлік дайындықта ұстау жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырып, жүргізеді;

5) Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін күзету мен қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

6) Қарулы Күштердің басқа да әскери құралымдардың өзара іс-қимылын ұйымдастырып, жүзеге асырады, сондай-ақ қорғаныс мүддесін көздеп ел аумағын жедел жабдықтау жоспарын әзірлейді;

7) экономиканың, мемлекеттік органдар мен ұйымдардың жұмылдырушылық дайындығына және олардың соғыс уақытында жұмыс істеуін ұйымдастыруға қатысады;

8) аумақтық қорғаныс жоспарларын әзірлеуді үйлестіреді, аумақтық қорғаныс міндеттерін орындауға қатысатын күштер мен құралдарды ұйымдастырады;

9) Қарулы Күштерді мерзімді қызметтің әскери қызметшілерімен, келісім-шарт бойынша жасақтауды және азаматтық қызметкерлерді қабылдауды ұйымдастырып, жүргізеді;

10) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің және басқа да әскери құралымдарының Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға сәйкес шет мемлекеттердің қарулы күштерімен жедел қолданылуы мен өзара іс-қимылының жоспарын әзірлеуге қатысады;

11) кадрларды орналастыруды және әскери атақтар беруді жүзеге асырады, Номенклатураға сәйкес Қорғаныс министрінің қарауына лауазымдарға тағайындау және әскери атақтар беру жөнінде ұсыныстар енгізеді;

12) Қарулы Күштерді қару-жарақтың, әскери техниканың, оқ-дәрілер мен басқа да материалдық құралдардың қажетті түрлерімен қамтамасыз етуді, оларды пайдалануды, сақтауды, есепке алуды, есептен шығаруды және пайдаға асыруды ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады, сондай-ақ бейбіт уақытта осы құралдарды әскерлерді жұмылдыра өрістету үшін шоғырландыруды және орналастыруды жоспарлайды;

13) Қарулы Күштерде әскери ғылымды дамыту бағыттары бойынша ұсыныстарды әзірлейді;

14) әскерлер қызметімен байланысты қоршаған ортаны қорғау мен экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүргізеді;

15) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Қарулы Күштерді, Қазақстан Республикасының басқа да әскери құралымдарымен олардың өзара іс-қимылын қолдануды жоспарлау және басқару саласындағы өзге де функцияларды жүзеге асырады.

2. Соғыс кезінде Штабтар бастықтарының комитеті Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жоғарғы Бас Қолбасшысы Ставкасының негізгі жұмыс органы болып табылады.

23-бап. Қарулы Күштерді орналастыру

1. Қарулы Күштерді орналастыру Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен Қарулы Күштерді Қолдану жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

2. Қарулы Күштердің пайдалануына берілген аумақтар шегінде құрамаларды, әскери бөлімдерді орналастыру Қазақстан Республикасының Президенті бекіткен жоспарға сәйкес Қорғаныс министрінің шешімі бойынша жүзеге асырылады.

3. Қазақстан Республикасының аумағынан тыс Қарулы Күштердің құрамалары мен әскери бөлімдерін орналастыруға Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар негізінде жол беріледі.

24-бап. Басқа да әскери құралымдар

1. Басқа да әскери құралымдарды құру, басқару және олардың қызметі заңнама актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Басқа да әскери құралымдар қорғаныс мақсатында:

1) Қарулы Күштерді қолдану жоспарын, қорғаныс мәселелері жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларын әзірлеуге қатысады;

- 2) Қарулы Күштермен бірлескен іс-қимылға даярлықты ұйымдастырады;
 - 3) азаматтарды әскери қызметке даярлауға қатысады;
 - 4) аумақты қорғанысқа жедел жабдықтау жөніндегі іс-шаралардың жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;
 - 5) қорғанысты ұйымдастыру мәселелері бойынша Штабтар бастықтары комитетінің нұсқауын орындайды;
 - 6) Қарулы Күштермен бірлескен жедел және жұмылдыру даярлығына тартылады;
 - 7) осы Заңға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.
3. Басқа да әскери құралымдарды жасақтау Қарулы Күштер үшін белгіленген принциптерде және тәртіппен жүзеге асырылады.

25-бап. Қарулы Күштерде және басқа да әскери құралымдарда заңдылықтың сақталуын қадағалау, әскери қызметшілерді құқықтық қорғау және әскерлерде құқық тәртібін қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде және басқа да әскери құралымдарында заңдардың, Қазақстан Республикасы Президенті Жарлықтарының және өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл және біркелкі қолданылуын қадағалауды Қазақстан Республикасының прокуратура органдары жүзеге асырады.

2. Қарулы Күштерде және басқа да әскери құралымдарда әскери қызметшілерді құқықтық қорғауды, азаматтық және қылмыстық істерді қарауды соттар жүзеге асырады.

3. Қарулы Күштерде және басқа да әскери құралымдарда құқық тәртібін қамтамасыз етуді функциялары мен құқықтары Қазақстан Республикасының Заңымен реттелетін әскери полиция жүзеге асырады.

6-тарау. Соғыс кезі. Соғыс жағдайы.

Жұмылдыру. Азаматтық қорғаныс. Аумақтық қорғаныс

26-бап. Соғыс кезі

1. Соғыс кезі басқа мемлекет немесе мемлекеттер тобы Қазақстан Республикасына қарулы шабуыл жасаған жағдайда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда көзделген жағдайларда Парламентпен жарияланады.

2. Соғыс кезі жарияланған немесе соғыс қимылдары шын мәнісінде басталған сәттен бастап соғыс кезі басталады, бірақ шын мәнісінде олар тоқтағаннан ерте емес, ол соғыс қимылдарын тоқтату туралы хабарландыру жарияланған сәттен бастап тоқтатылады.

27-бап. Соғыс жағдайы және жұмылдыру

1. Соғыс жағдайы, жұмылдыруды жүргізу және жұмылдыру даярлығын ұйымдастыру режимі Қазақстан Республикасының заңнама актілерімен белгіленеді.

2. Соғыс жағдайы кезеңінде Қарулы Күштер, басқа да әскери құралымдар соғыс кезі жариялануына қарамастан агрессияға тойтарыс беру жөнінде жауынгерлік және өзге де іс-қимылдарды жүргізуі мүмкін.

28-бап. Азаматтық қорғаныс

1. Азаматтық қорғаныс қазіргі замандағы қырып-жоятын құралдар қолдану зардаптарынан зақымдаудың (қиратудың), табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың әсерінен халықты, шаруашылық жүргізуші объектілер мен ел аумағын қорғау мақсатында ұйымдастырылады.

2. Азаматтық қорғаныстың міндеттері және оны ұйымдастыру заңмен айқындалады.

29-бап. Аумақтық қорғаныс

1. Аумақтық қорғаныс халықты, Қазақстан Республикасының аумағындағы объектілер мен коммуникацияларды дұшпанның іс-қимылынан, диверсиялық немесе террорлық актілерден, сондай-ақ төтенше жағдайлар мен соғыс жағдайы режимін енгізуден және қолдаудан қорғау мақсатында ұйымдастырылады.

2. Аумақтық қорғаныстың жалпы міндеттері мен оны ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының Президенті айқындайды.

7-тарау. Қорытынды ережелер

30-бап. Қорғаныс саласындағы Қазақстан Республикасының халықаралық құқығы

1. Қазақстан Республикасының агрессиядан бірлесіп қорғануды қамтамасыз ету, халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі басқа мемлекеттермен ынтымақтастығы Біріккен Ұлттар Ұйымының жеке-дара және ұжымдық қорғаныс құқығы туралы Жарғысының ережелеріне және Қазақстан Республикасы бекіткен басқа да халықаралық шарттарға сәйкес құрылады.

2. Қарулы Күштер, олардың жекелеген бөлімшелері немесе әскери қызметшілері Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген тәртіппен Республикадан тысқары жауынгерлік іс-қимылдарға қатысуды қоса алғанда, бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау жөніндегі халықаралық міндеттемелерді орындайды.

3. Қарулы Күштердің, олардың жекелеген бөлімшелерінің немесе әскери қызметшілерінің Қазақстан Республикасынан тысқары жауынгерлік іс-қимылдарға тікелей қатысуы дипломатиялық арналар бойынша, халықаралық шарттар немесе өзге де заңнама тәртібімен берілетін растау негізінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің шешімімен айқындалады.

31-бап. Осы заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы заң 2003 жылғы 1 тамыздан бастап қолданысқа енгізілетін осы Заңның 14-бабының 4-тармағын, 30-бабының 2 және 3-тармақтарын қоспағанда, оны ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енеді.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 9 сәуірдегі Заңы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомосі, 1993 ж., N 8, 202-құжат; 1995 ж., N 8, 56-құжат; N 20, 120-құжат; N 22, 136-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Ведомосі, 1999 ж., N 8, 233-құжат; 2002 ж., N 3, 22-құжат);

2) "Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы Күштері туралы Қазақстан Республикасының Заңын қолданысқа енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 9 сәуірдегі Қаулысы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Ведомосі, 1993 ж., N 8, 203-құжат).

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті